

*Biesekenova Ainur, Abdvahytova Gulbanu, Tileuzhanova Gulkhan al-Farabi Kazakh National University, teachers of kazakh language, the Faculty of Pre –University education
E-mail: Gulhan_74@mail.ru*

Literary-critical research works Muslim Bazarbaeva

*Бейсекенова Айнұр, Абдвахитова Гүлбану, Тилеужанова Гүлхан Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті, қазақ тілінің оқытушылары, Жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультеті
E-mail: Gulhan_74@mail.ru*

Мүсілім Базарбаевтың әдеби-сын зерттеу еңбектері

Тіл жаңашыры, әдебиеттану ғылымында еңбегі сіңген, қоғам қайраткері, ғалым туралы естеліктер.

Мүсілім зерттеулері оның ХХ ғасырдағы қазақ әдебиеті тарихының үлкен білгір маманы екенін, әдеби үдеріске, көркем туындыға өзіндік көзқарасы мен талабы бар зерделі зерттеушілік қабілетін көпшілікке мойындатты. Бұл тұрғыда оның өмірінің соңғы шағында жазған үш кітабын ерекше атау орынды.

1986 жылы ҚРҰҒА М. О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтына ғылыми жұмысқа келген Мүсілім Базарбаевтың шығармашылық ғұмырбаянындағы елеулі бетбұрысты нақтылы еңбектер негізінде баяндай отырып, Серік Қирабаев ағынан жарып ақтарылып, ғылым мүддесін бәрінен де жоғары қойған ғалым — достың жаңа алымдары жайлы мынадай сыр ашады.

«Ұзақ жылдар басшылықта жүріп, ғылыммен бірыңғай шұғылдануға мүмкіндігі болмай келген ғалымның осы тұстағы қажырлы еңбегі ерекше сүйсіндірген еді. Ол өз ісіне шын берілген, туған әдебиеті жайлы айтарымен ойы мол адамның құлқы мен еңбегінде ғылымға сусап келгендік танылатын. Оның үстіне елдің тәуелсіздік 266 Section 8.

алып, бұрын байланып — тұсалып келген ой-пікірдің еркін дамуына жол ашылуы да Мүсілімді қанаттандырып жіберіп еді: Ол бір ерекше шабытпен еңбек етті. Соңғы үш кітабын осы тұста жазды. Сонымен қатар кеңестік дәуірдегі әдебиет дамуын жаңаша бағалауға арналған тың зерттеулердің бағдарламасын басқарды. Оның басшылығымен «20–30 жылдардағы қазақ әдебиеті», «40–60 жылдардағы қазақ әдебиеті» атты зерттеу еңбектері басылды. Бұлар-кеңестік дәуірдегі ұлттық әдебиетіміздің табыстары мен олқылықтарын жаңа тұрғыдан бағалауға, жеке шығармалар мен авторларды бұрынғы кеңестік саясаттан арашалауға арналған еді. Осы зерттеудің негізгі бағдарламасы мен концепциясын да Мүсілім Базарбаев өзі жасады»

Сол уақыттағы Әдебиет және өнер институтының директоры филология ғылымдарының докторы, профессор Шәкір Ыбыраевтың «Алғы сөзінде» ғалымның мағынасы да мәнді ғұмыры қадау-қадау, кезең-кезең сипатымен айқындалған.

Мүсілім Базарбаевтың қазақ руханиятындағы орнына ой жібере келіп Ш. Ыбыраев нақтылы тоқтамдар жасайды.

Сол жылдарда (М. Базарбаев Институт директоры болған алғашқы кезең) «Қазақ әдебиетінің тарихы» (6 кітап), «Қазақ театрының тарихы» (2 том), қазақ жастарының ғылыми басылымдары, қазақ әдебиеті мен өнеріне арналған ондаған іргелі зерттеулер жарық көрді.

Бұл сияқты зерттеулердің сапалы түрде жазылған жүзеге асуы сол кездегі Қазақстан ғылымының даму дәрежесінің айтарлықтай биік деңгейін айғақтады. Мұндай жұмыс ол заманда КСРО республикаларында қолға алына бермейтін. Әсіресе, екі тілде даярланған М. О. Әуезов пен Н. С. Смирнованың редакциялық басқаруымен жарық көрген «Алпамыс батыр» (Алматы, 1961, «Қамбар батыр» (Алматы, 1961), «Қыз Жібек» (Алматы, 1959), «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» (Алматы, 1962) сияқты эпостардың текстологиялық жұмыстары мен академиялық басылымдары фольклортану ғылымының өн бойы алда болғандығын көрсететін оқиғалар еді.

«... Мүсекең аса жауапты мемлекеттік жұмыстарда іскер басшы, тыңғылықты мінезі арқылы өзін тамаша қырынан көрсете білген адам. Мәдениет министрі кезінде қазақтың талай-талай майталман өнерпаздары жұртшылыққа танымды,

қазақ өнерінің сол кездегі Одақ көлеміне жан-жақты танылуына айтарлықтай еңбек сіңірді.

...Дей тұрғанымен, Мүсекеңнің артында қалған айқын ізі әдебиеттану ғылымында. Ол ғылымды басқару мен ұйымдастыру жұмысында да, білікті маман ретінде де қабілетін жан-жақты аша білді, сол арқылы қазақ әдебиеттану ғылымының тарихынан өзі ойып орын қалдырды».

Академик Зейнолла Қабдолов Мүсілім Базарбаев қазасында аза тұтып отырып сөйлеген сөзінде ғалымның осы бір қыры айрықша басым айтылған.

Philology and linguistics 267

«Иә, ол әдебиет үшін, әдебиет зерттеу ғылымы үшін жаратылған жан болатын. Зерттеулері мен мақалаларын екі тілде — қазақ және орыс тілдерінде еркін жазатын. Бір ғажабы — Мүсілім не жайында жазса да, көтеріп отырған көлемі мәселенің байыбына барып, мәніне терең үңілетін. Екінші сөзбен айтқанда, Мүсілімнің еңбектеріне тереңдік пен шешендік қана тән еді.

Әдебиеттанушы ғалым Мүсілім Базарбаевтың әдеби ісінің білгірі мәніндегі ерекше дарын, даралаған филология ғылымдарының докторы Бисенғали Наурызбаевтың естелігі де жаңа бір қырларынан айтады.

«Мүсілімнің энциклопедиялық білімдарлығы әсіресе, қазақ поэзиясының даму проблемаларын зерттеу еңбектерінің теориялық тереңдігі мен жүйелілік әркімді де таңдандырар еді.

Мемлекет қайраткері бола жүре де Мүсілім қазақ әдебиетінің даму проблемаларын көтерген ғылыми зерттеу еңбектерін жазу үстінде болды. Оның «Әдебиет және дәуір», «Өлең — сөздің патшасы, сөз сарасы», «Біздің әдебиетіміздің эстетикалық байлығы» т. б. монографиялық еңбектері қазақ әдебиеттану ғылымына қосылған бағалы үлес болып табылады».

Мүсілім Базарбаевтың туған тілдің тағдырына араша тұру бағытында атқарған азаматтық істері туралы естелік авторы толымды мәліметті негіз ете отырып сөйлейді.

«Тіл мәдениетін жақсарту беруге байланысты мәселелерді жан-жақты талдап келіп, өз пікірін ортаға салды. «Тіл тағдыры — ұлт тағдыры, ұлтың қандай болса, тілің де сондай. Сол тілді сақтайық, байытатын қаулы, қарар емес, оның ең басты қорегі әдебиет пен өнер» — деуші еді Мүсекең. — Ал қазір сол екеуінің де жалпы жағдайлары нашарлап барады, — деп ашық айтты. Қазақстан Жазушылар одағы, Республика Ғылым академиясының Тіл білімі, Әдебиет және өнер институттарында шығармаларының тілі» жайында терең мазмұнды баяндамалар жасады. Тіл мәдениеті туралы мақаласын даярлағанда республикада шығатын газет-журналдардан көптеген мысалдар жинап, нақтылы ұсыныстар жасаған мақаласы «Жұлдыз» журналында басылды. Оны кезінде оқырман қауымның көпшілігі мақұлдаған еді.

Әдебиет тізімі:

1. Байтоғаева Г. Біз және біздің замандастар. – Алматы, 2001. – 220 б.
2. Күмісбаев Ө. Шәкәрім, Мағжан және Мүсілім//М. Базарбаев және қазіргі әдебиеттану мен өнертану мәселелері: Халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. – Алматы: – 2007. – 17–21 бб.
3. Базарбаев М. Замана тудырған әдебиет: Таңдамалы ғылыми зерттеулер. – Алматы: Ғылым, 1997. – 504 б.
4. Базарбаев М. 20–30 жылдардағы қазақ әдебиетіне көзқарас//Қазақ тілі мен әдебиеті. – 1991. – № 9. – 11–13 бб. __